

**"Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 465 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 1 қарашада № 9848 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 261 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 28.05.2025 № 261 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6443 болып тіркелген, 2010 жылғы 15 қыркүйектегі № 242 (26303) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесінде:

179-тармақтың екінші және үшінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"партиялық жарналарды төлеуге: 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3248 "Қызметкерлерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

кәсіподақтық мүшелік жарналарды төлеуге: 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3245 "Кәсіподақтық мүшелік жарна сомаларын қолма-қол емес аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;"

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат

құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Министр

Б. Сұлтанов